

## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

08 желтоқсан 2022 жыл

### Қазақстан қор биржасында ҚМГ IPO шеңберінде 137,5 млрд теңге тартылды

Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі – Биржа, KASE) "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) жай акцияларын жариялы бастапқы орналастыру (IPO) қорытындылары бойынша оларға жазылу арқылы KASE сауда-саттық жүйесінде 137,5 млрд теңге тартылғанын хабарлайды, бұл осы IPO шегіндегі инвесторлардың қанағаттандырылған өтінімдерінің жалпы көлемінің 89 % құрайды.

KASE-де ҚМГ-ның жай акцияларына жазылу барысында инвесторлардан жалпы сомасы 141,8 млрд теңгеге 121 770 өтінім түсті. "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ сатушы акционер ретінде KASE-де жиынтық көлемі 137,5 млрд теңге болатын 121 770 өтінімді қанағаттандыру туралы шешім қабылдады. Бұл ретте жеке және заңды тұлғалар берген барлық белсенді өтінімдер толық көлемде қанағаттандырылды, институционалдық инвесторлардың өтінімдері ішінара қанағаттандырылды.

Жеке тұлғалардың шоттарына орналастыру нәтижелері бойынша 70,1 млрд теңге сомасына (KASE-де орналастыру көлемінің 51,0 %), заңды тұлғаларға – 12,1 млрд теңге сомасына (орналастыру көлемінің 8,8 %) бағалы қағаздар аударылды, институционалдық инвесторлар берген қанағаттандырылған өтінімдер көлемі 55,3 млрд теңгені (орналастыру көлемінің 40,2 %) құрады.

Айта кетейік, ҚМГ акцияларын орналастыру Қазақстан Республикасында жергілікті инвесторлардан тартылған инвестициялар сомасы және қатысқан инвесторлар саны бойынша рекордтық көрсеткішке ие болды. Мәселен, мысалы, ҚМГ акцияларына KASE-де сұранысының көлемі 2012 жылы "Халықтық IPO" бағдарламасы шеңберінде орналастырылған "ҚазТрансОйл" АҚ акцияларына сұраныстан 2,5 есе асып түсті.

Бүгін, 08 желтоқсанда KASE және AIX алаңдарында өзара трансляция тәртіптемесінде қайталама нарықта ҚМГ акцияларымен сауда-саттықтың салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Салтанатты шараға Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Әлихан Смайылов, "Самұрық – Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ Басқармасының Төрағасы Алмасадам Сәтқалиев, АХҚО Басқарушысы Қайрат Келімбетов, KASE, AIX және ҚМГ басшылары, сондай-ақ реттеуші органдар мен қаржы ұйымдарының өкілдері қатысты.

Іс-шараға қатысушыларды құттықтау шеңберінде "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ Басқармасының Төрағасы мемлекеттік компанияларды қор нарығына шығару арқылы олардың жариялылығының маңыздылығын атап өтті, бұл олардың корпоративтік басқаруын жетілдірудің себебі болып табылады.

"Үкімет пен "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ ірі ұлттық мұнай-газ компаниясы ҚМГ-дың IPO-сын 153,86 млрд теңгеден астам сомаға акциялардың 3 % пакетін иеліктен шығару бойынша жүргізді, оның 48,5 %-ы басымдылық тәртіппен толық көлемде қанағаттандырылған Қазақстан азаматтарының өтінімдеріне тура келді", - деді А. Сәтқалиев.

А. Алдамберген ҚМГ IPO-сы инвесторлар мен инвестициялардың барынша көп санын алоциациялауға және сауда-саттыққа қатысушыларға сауда-саттықтың заманауи әдістерін ұсынуға қабілетті алаңның мәртебесін тағы да растағанын хабарлады – тек KASE сауда-саттық жүйесінде IPO шеңберіндегі мәмілелерге KASE орталық контрагенті кепілдік берді.

"Бүгін KASE-де ҚазМұнайГаз акцияларының сауда-саттығы ашылады, дәлірек айтсақ, қайта басталады. Сауда-саттық ашылған сәттен бастап инвесторлар ҚМГ бағалы қағаздарына инвестициялар үшін KASE құралдарының барлық спектрін – орталық контрагенттен орындалу кепілдігімен кейінге қалдырылған есеп айырысулармен және ішінара қамтамасыз етумен мәмілелер жасасу мүмкіндігін және осы бағалы қағаздарды басқа құралдармен мәмілелерді жоғары деңгейде қамтамасыз ету, репо нарығына және қатысудың клирингілік қатысу сертификаттарын қамтамасыз ету пулына қол жеткізу ретінде пайдалану мүмкіндігін алады", - деді А. Алдамберген.

ҚМГ акцияларына жазылу кезінде "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ сатушы ретінде әрекет етті. Бірлескен букраннерлер: "Halyk Finance" АҚ, "SkyBridge Invest" АҚ, "Фридом Финанс" АҚ және "BCC Invest" АҚ.

Естеріңізге сала кетейік, ҚМГ IPO өткізу шеңберінде барлық орналастырылған акциялардың жалпы санының 5%-дан аспайтын – 30 505 974 жай акцияны орналастыру жоспарланған болатын. ҚМГ бір жай акциясының бағасы 8 406 теңгені құрады.

### **Анықтама**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші орынды және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру деңгейі бойынша алтыншы орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

*Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)*